

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

6 наурыз 2023 жыл

Қызылорда қаласы

1. Жалпы ережелер

1) «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай - Серіктестік) 3 облыстық, 1 қалалық, 7 аудандық газеттері басылымдары мен 1 ақпарат агенттігі және құрылымдық бөлімдерінің қызметі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2) Қамтылатын кезең 2020, 2021, 2022 жылдар және 2023 жылдың қантар, ақпан айлары.

3) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген әдістемелік ұснылымдарға сәйкес жүргізді.

4) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі кұрамдағы жұмыс тобы жүргізді.

Әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің
басшысы, топ жетекшісі

Б. Шайхназаров

Экономика және мемлекеттік тапсырыспен
жұмыс істеу бөлімінің басшысы, топ мүшесі

Н. Дауылбаев

Аға есепші

Ж. Сагымбаева

Зангерт

А. Ибраев

2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Серіктестікте 3 облыстық, 1 қалалық, 7 аудандық газеттері басылымдары мен 1 ақпарат агенттігі арқылы республиканың, облыстың оң имиджін қалыптастыру бағытында мемлекеттік саясатты насиҳаттау бағытында жұмыс атқарады.

Серіктестіктің жарғылық капиталының мемлекеттік қатысу үлесінің 51% кейіннен сатып алу құқығымен 7 жыл мерзімге «Халық» газеті ЖШС-на 2020 жылдың қазан айының 15-неге бастап сенімгерлік басқаруға берілген.

Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге

де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, Серіктестіктің Жарғысына сәйкес іске асырады.

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А.

3. Серіктестіктің қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алғатын құқықтық актілерді зерделенді.

Серіктестік қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-В ҚРЗ.
- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.
- «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-І Заны;
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заны;
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заны;
- «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 Заны;
- ҚР СТ 3158-2018 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты;
- ГОСТ 9254-77 Мемлекетаралық стандарт.

4. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі.

1) Персоналды басқару бағыты бойынша

Кадрлық құрам бойынша: Серіктестіктің штат саны:

- 2020 жылы 546 бірлік;
- 2021 жылы 224 бірлік;
- 2022 жылы 214 бірлік;
- 2023 жылы 211 бірлікті құраган. Штаттық бірліктің азаюына себепкөр болған негізгі тенденциясына тоқталып өтер болсақ:

2020 жылы Серіктестік құрамындағы «Рухани жанғыру орталығы» өз қызметін тоқтатып, өз алдына бөлек мемлекеттік мекеме ретінде құрылған;

Сондай-ақ, Серіктестік баспаханасы 2020 жылдың тамыз айынан бастап кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілгендейдіктен (еңбек заңнамасына сәйкес бір ай бұрын ескертпе хаттар беріле отырып) баспахана қызметкерлері сенімгерлік басқаруға берілген мекемеге ауысқан;

Сонымен қатар, газет тарату қызметі аясын кеңейту мақсатында баспасөзге жазылдыру және тарату қызметкерлері серіктестіктің жарғылық капиталының 51% үлесінің сенімгерлік басқарушысына ауысқан.

Бұдан кейінгі 2021 және 2022 жылдары серіктестің аудандық редакцияларындағы корректор және дизайнер қызметкерлерін орталықтандыру аясында бос бірлікті қысқарту арқылы жүзеге асырылған.

Серіктестік тәртіп шығармашылық саласы бойынша кадрлық құрамның негізгі бөлігін қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімдері құрайды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабының 2-тармағының 23) тармақшасына сәйкес **Жұмыс беруші** – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен **жұмыскермен еңбек шарттын жасасу және тоқтату**, осы Кодектің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы **ақпаратты еңбек шарттарын есепке алу**дың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

Алайда еңбек шарттарын есепке алуның бірыңғай жүйесінде бұқаралық ақпарат саласына қатысты мамандықтар толық қамтылмаған.

2) Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Жеке еңбек даулары еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келісу комиссиясында қаралады.

Бірақ ҚР Еңбек кодексінің 159 бабының 1-тармағының екінші абзацында *Осы Кодекте айқындалған тәртіппен жеке еңбек дауларын қарau үшін келісу комиссиясын құру туралы талап еңбегі Қазақстан Республикасының арналы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттелетін жұмыскерлердің жекелеген санаттарына, оның ішінде әскери қызметте тұратын жұмыскерлерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды, - деп көрсетілген.*

Бұл заңнама талабындағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттелетін жұмыскерлердің жекелеген санаттарына жататын тұлғалар айқындалмаған.

Сонымен қатар, келісу комиссиясын жыл сайын оқыту міндеттелген. Мұның өзі де оқытумен айналысатын ұйымдарға берілген артықшылық болып саналуы мүмкін.

3) Серіктестікте бос жұмыс орындарының болуы, жариялануы және жұмысқа қабылдау.

Серіктестік қызметкерлерін «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жарияланған хабарландыруларға ұсынылған электронды түрде жұмысқа тұруға өтінім білдірушілер арасынан іріктеліп жұмысқа қабылдайды.

4) Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Серіктестікпен 2020 жылдың 15 шілдесінде бекітілген Ұжымдық келісім-шарт талаптарына сәйкес егер қызметкер тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде жаңа тәртіптік жаза қолданатындағы әрекет жасамаса, оған тәртіптік жаза қолданылмаған болып есептеледі. Тәртіптік жазаны әкімшілік өз бастамасымен немесе тәртіптік жаза қолдануға ұшыраған адам қайтадан теріс әрекет жасамаса және өзін өз ісіне адал қызметкер ретінде көрсетсе, тікелей басшының немесе еңбек ұжымының қолдау хаты бойынша күшін жояды. Тәртіптік жаза қолданылу мерзімі ішінде қызметкерге осы Ережелерде көрсетілген ынталандыру шаралары

қолданылмайды. Сонымен қатар серіктестікке жұмысқа орналасқан адамға алғашқы алты айда сыйақы қарастырылмайды.

5. Мұдделер қақтығысын реттеу бойынша.

Серіктестікің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі жеке коммерциялық мақсаттағы заңды тұлғаға кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілгендейтін мұдделер қақтығысы болмау қажет деген талапты қолдану орынсыз деп пайымдаймыз.

6. Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша

Серіктестікпен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

7. Рұқсат беру функцияларына қатысты.

Серіктестікте мемлекеттік рұқсат беру функциясы жүзеге асырылмайды.

8. Бақылау функцияларын іске асыру бағыты бойынша.

Серіктестікте бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

9. Мемлекеттік сатып алуарды «Мемлекеттік сатып алу туралы»

Қазақстан Республикасының Занының талаптарына сәйкес жүзеге асыру.

Серіктестікің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгенмен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсіндірме хат сұралған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды хатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Занына сәйкес тапсырыс берушілер жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан көп пайзызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді коспағанда.....- деп көрсетілген.

Бұл ретте серіктестікің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгендейтін мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осыған орай серіктестікің бұйрығымен заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолданбай серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілуде.

Қаржылық-экономикалық мәселелер

Серіктестікке тікелей бюджеттен қаржы болінбейді.

Серіктестікің қаржылық көздері газет жазылдыру, мемлекеттік тапсырыс және жарнамалық тусімдерден құралады.

10. Серіктестікпен басшылыққа алынатын құқықтық актілерге мониторинг жүргізу.

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай - серіктестік) 100% мемлекеттік қатысу үлесінің 51% «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандығы №338 қаулысына және осы қаулыға өзгерістер енгізу туралы Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 шілдедегі №68 қаулысы негізінде 6 қазанда өткізілген

электронды тендер нәтижесімен «Халық газеті» ЖШС-не кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды түсіндірме хаты негізінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осыған орай заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заннамасы серіктестікте қолданылмай, серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар, серіктестік қызметкерлерінің еңбек жалақылары және материалдық қажеттілігі бюджет есебінен тікелей қаржыландырылмайды.

Осы аталған мән-жайларды назарға ала отырып, серіктестікте комплаенс қызметін енгізу міндеттілігі жөнінде Серіктестікпен 2021 жылдың 6 желтоқсанында №03-6-521 хатпен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінен түсіндірме сұратылған.

Алайда комплаенс қызметін енгізу квазимемлекеттік субъектілерге енгізу жүктелгендейді (ара-жігі ажыратылмай) Серіктестікпен комплаенс қызметі енгізілген.

Серіктестік жағдайында бюджеттен тікелей қаржыландырылмайтындығы және 100% мемлекеттік қатысу үлесінің 51% қатысу үлесі сенімгерлік басқаруға берілгендейді комплаенс қызметін енгізу серіктестікке міндеттелмеуі тиіс деп пайымдаймыз.

Ішкі талдау нәтижесімен ұсынылады:

1. «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталында БАҚ саласына қатысты мамандықтарды толық қамтуды;
2. 100% мемлекеттік қатысу үлесінің 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда комплаенс қызметін енгізу міндетtelмейтіндігі жөніндегі талаптары енгізуі.

**Әкімшілік және ұйымдастыру
бөлімінің басшысы, жұмысшы топ
жетекшісі**

Б. Шайхназаров

**Экономика және мемлекеттік
тапсырыспен жұмыс істеу болімінің
басшысы, топ мүшесі**

Н. Дауылбаев

Аға есепші

Ж. Сагинбаева

Зангер

А. Ибраев